

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Қазақ үйі

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.10.2025СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/183380/**Баибусинова Гульдана Дюсембаевна**

«М.Әуезов атындағы Көкжыра орта мектебі» КММ жанындағы

«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері

Тақырыбы: Қазақ үйі	
Оқу мақсаты:	Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызд сақтауға баулу.
Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:	Киіз үй жабдықтарымен таныстыру.Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығын,киіз үй жабдықтары туралы айтып,балалардың еске сақтай білу қабілеттерін дамыту.
Күтілетін нәтиже:	Ұлттық құндылықтармен танысады
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	«Шаттық шеңбері» әдісі, ресурстар арқылы саралау әдісі, «Ыстық орындық -1, 2» әдісі ,«Автобус аялдмасы» әдісі , «Миға шабуыл»әдісі, «Бағдаршам»әдісі
Ресурстар, дамытуш орта	киіз үй макеті,жабдықтары туралы суреттер
Жоспарлау	

ҰОҚ кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Баланың іс-әрекеті
----------------------	--------------------------------	---------------------------

<p>Басталуы</p>	<p>— Балалар, шаттық шеңберіне жиналайық! Барлығымыз жақсы көңіл – күйде бір — бірімізге тілегі- мізді айтайық! Бір — бірімізге күлкімізді сыйлайық! Санамақ айту. Бір дегенім – бақан, Ағашты шапқан атам. Екі дегенім – есік, Көздері бар тесік. Үш дегенім – үзік, Дөдеге басқан тізіп. Төрт дегенім – түндік, Түндікті оңнан түрдік. Бес дегенім – басқұр, Кереге басын бастыр.</p>	<p>Шаттық шеңбері Қане, қане, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ енді шеңберге, Алақанды ұрайық. Оң жақтағы балаға, Сол жақтағы балаға, Шапалақта шапалақ. (2 рет)Санамақ айтады. Сұрақтарға жауап береді.</p>
<p>Негізгі бөлім</p>	<p>Сұрақ – жауап. — Біз не туралы санамақ айттық? — Киіз үй жабдықтарын айтайық -шы. — Дұрыс айтасыңдар, балалар! Киіз үй – кереге, уық, шаңырақтан – тұрады. — Оларды бір сөзбен не деп атайды? Кереге-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ-киіз үйдің уықтарын біріктіріп,еңсесін көтеріп, тұтас -тырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық-кереге мен шаңырақтың арасын ұстап,қосып тұратын сырық.Киіз есік-сықырлауықты жауып,шаңырақ арқылы өткізіп байланады.Киіз есіктің сырты киіз,ортасы ши,астары жарғақ теріден жасалады. Үй жиһаздары: Абажа-тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былға -рымен қапталған. Кебеже-сұр ет,құрт,шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнек теген үй жиһазы. Төсеніштер: Алаша,киіз,сырмақ. Сергіту сәті. Көтеріліп шаңырақ, Уықтары шаншылар. Керегелер керіліп, Өрімдей бопөрілер. Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. 2.Дәптерден киіз үй сүйектерін тапқыздырады.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Киіз үй бөліктерін атайды,оларды қайда орналасатынын сызып көрсетеді.Киіз үйді бояйды.Жолаушының киіз үйге баратын жолын тауып,сызып көрсетеді.</p> <p>Үй жиһаздарымен танысады.</p> <p>Қимылмен көрсетеді</p>
<p>Қорытынды бөлім</p>	<p>Рефлексия</p>	

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.